




3.6. Сур. ЗиЛ-130 автомобилінің бұру механизмді шығару клапаны:

а – цилиндрлер бастыегіне орнатылған шығару клапаны; б, в – клапан бұру механизмнің бастапқы және соңғы жұмыс істеу қалпы;

5 сурет

Оларды цилиндр қалпақшасына престеліп салынған шойын немесе металлкерамикалы бағыттауыш төлкеге 2 орналастырады. Стерженьнің шетіне сұхариктердің 10 кертігіне арналған цилиндрлі ойық жасалып, серіппенің көмегімен тарелка 9 шайбаның конусты ойығының бетіне қыстырылып тұрады. ЯМЗ, КамАЗ және «Москвич» автомобильдерінің қозғалтқыштарында газ тарату механизмінің жұмыс істеуін жақсарту үшін клапандар ершікке екі серіппемен қысылып тұрады. Мұндай жағдайда серіппелердің бұралу бағыттары әртүрлі жасалады, өйткені серіппелердің біреуі сынатын болса біріне бірінің арасына кіріп, клапан механизмінің тоқтаусыз жұмыс істеуіне кедергі жасамауы тиіс.

Жіберу клапандарының тірек шайбасының астына немесе бағыттауыш төлкесінің үстінгі бөлігіне (ЗиЛ, КамАЗ, ЗМЗ қозғалтқыштарында) резиналы манжета немесе қалпақ кигізіледі, клапандар ашылған кезде, оның стержені мен бағыттауыш төлкесіне тығыз қысылып, төлке мен стержень арасында пайда болған саңылаудан (енгізу ырғағы кезінде) цилиндр ішіне майдың ағуын болдырмайды. Ал, ЗиЛ-130 қозғалтқышының шығару клапандарының (3.6. сурет) бұру механизмі болады. Ол қозғалмай бір орында тұратын корпуста